



СИТАЛЬЯНСКОГО НА КАЗАХСКИЙ

В Венеции откроется центр по изучению казахского языка и культуры. Об этом было объявлено на встрече руководителей Университета Ка-Фоскари (Италия) и КазНУ им. аль-Фараби. Основной темой мероприятия, инициированного Чрезвычайным и Полномочным Послом Республики Италия в РК С. Раваньян, стало обсуждение возможности сотрудничества в сфере совместных образовательных программ и разработки новых исследовательских проектов.

На встрече ректор КазНУ, академик Галым Мутанов отметил, что у казахстанского вуза уже имеется большой опыт работы с европейскими высшими учебными заведениями. «В частности, это – программы двойных дипломов с университетами Лотарингии и Страсбурга, совместные лаборатории. Есть успешный проект с Университетом Цукуба из Японии «Кампус в кампусе», где идет активный обмен студентами и преподавателями, знаниями и опытом. Имеются общие проекты с лучшими университетами Кореи в области медицины», – сказал он.

Продолжение на 2 стр.

Оқытушы-профессорлар құрамының басын қосқан кезекті ректорат отырысында химия және химиялық технология факультетінің деканы Ердоқ Қалимоллаұлы Оңғарбаевтың МИИДБ-2 аясында білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру жөніндегі хабарламасы тыңдалды.

ҒЫЛЫМҒА БАСТАР ЖОЛ



Оның айтуынша, 2015 жылдан бастап әртүрлі өндіріс секторларын кәсіби мамандармен қамтамасыз ету үшін, дәл осы салаға грант көп бөліне бастаған. «Біздің негізгі мақсатымыз – әлемнің жетекші университеттерімен бірлесе отырып аталмыш бағдарламаны жүзеге асыру», – дейді ол өз баяндамасында.

Сондай-ақ, Ердоқ Қалимоллаұлы университеттің осы уақытқа дейінгі жеткен жетістігі, өткені мен келешегіне тоқталып, индустриалды-инновациялық даму және Қазақстанның әлемдік одақтар мен ұйымдарға кіру шарттарындағы білім мен ғылымның заманауи жүйесінің негізгі мәселелерін талқылап, жоспарланған жаңа бастамаларға да кеңінен тоқталды.

«Қазіргі таңда еліміздегі 11 ЖОО-ға гранттар бөлінді. Осы мақсатта кадрлар дайындау үшін «жол картасы» бекітілгенін білесіздер. Жаңа оқу бағдарламаларын әзірлеу, мемлекеттік тапсырысты орындау, біліктілікті арттыру мен инновациялық зертханалар құру сынды мәселелер күн тәртібінде тұр. Ал оны жүзеге асыру үшін химия және химиялық технология факультетіне мемлекет қолдауы қажет. Сол себепті оқытушылардың біліктілігін арттыру мақсатында шетелдік ЖОО-лармен серіктестігімізді одан әрі нығайтуымыз керек», – деді ол.

Расында да МИИДБ-2 аясында кадрлардың білім беру бағдарламасын жүзеге асыру мен 2020 жылға дейін олардың концепциясын жасау үшін ЖОО-лардың материалды-техникалық базасын дамыту күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе.

Ал МИИДБ қажеттіліктеріне сәйкес, жаңа жалпы білім бағдарламаларын құру, әлемдік рейтингтегі позицияны күшейту үшін халықаралық стандарттарға сәйкес мамандарды оқыту атаулары мен бағдарламаларын келтіру де университеттің білім беру

жүйесінің талапқа сай екендігін айқындай түсері сөзсіз. Өйткені өнеркәсіптік химия бағытында органикалық заттарды қамтитын көптеген білім беру бағдарламалары әзірленген. Ал бұл бағытта университет пен еліміздегі жетекші кәсіпорындары арасында меморандумға қол қойылғандығын айта кеткен жөн.

Елімізде озық технологияларға негізделген индустриалды-инновациялық ғылым, білім, өндіріс интеграциясын күшейтудің маңызы зор. Оның зіл батын жүгін жүзеге асыру жаңаша ойлайтын, білікті де кәсіби мамандарға жүктелетіні сөзсіз. Әлемдік тәжірибе дәлелдегендей, дамыған елдерде халықтың білім алу сапасы мен білім мен ғылымның ұштасуы – инновациялық жетістіктерді пайдалану деңгейімен айқындалады. Сондықтан ғаламдық бәсекеге қабілеттілікті арттыруда МИИДБ-2 аясында білім беру бағдарламаласы интеллектуалды білім деңгейі мен инновациялық даму көрсеткіштің жоғарылығымен ерекшеленуі тиіс. Осыған орай, әлемдік озық тәжірибені межеге ала отырып, біз университет құрылымын, сондай-ақ оқу-өндірістік және оқытушы-профессорлық құрамға қойылар талаптарды күшейтіп, ішкі-сыртқы интеграцияны дамытып, жүйелі түрде жан-жақты жұмыстар атқаруымыз керек дейді декан.

Сондай-ақ хабарламада айтылған МИИДБ-2 аясында білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредитациялау, мамандарды сертифициаттау, ОПК біліктілігін арттыру, түлектерді жұмысқа орналастыру және университеттердің индустриямен ынтымақтастығы мәселелері де ұжым назарынан тыс қалмады.

Жұлдыз ӘБІЛ

В ЦЕЛЯХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

В Алматы на базе факультета международных отношений КазНУ проходит международная научно-практическая конференция «Обмен технологиями возобновляемой энергии в сфере продовольственной безопасности как фактор устойчивого развития».

Конференция организована факультетом международных отношений КазНУ, Государственным университетом штата Мичиган и Институтом глобального взаимодействия (США) при поддержке Казахстанского института стратегических исследований и Посольства США в РК. В работе конференции принимают участие эксперты из Казахстана, Кыргызстана, Таджикистана, Туркменистана, Узбекистана, а также Афганистана и США.

В задачи конференции входит освещение последних достижений ученых региона в области возобновляемой энергии, а также обмен мнениями экспертов стран Центральной и Южной Азии. Здесь планируется изучить вопрос способствования обмена технологий в сфере возобновляемой энергии на достижения продовольственной безопасности, а также продвижению сотрудничества и укрепления общей безопасности и устойчивого развития в странах региона.

Продолжение на 2 стр.

БҮГІНГІ САНДА:

**ЖОЛДАУҒА
ҚОЛДАУ**



3-бет

**“ҰСТАЗДЫҚ –
ҰЛЫ ЖОЛ”**



4-бет

**ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ
ЗЕРТХАНА АШЫЛДЫ**



6-бет

СИТАЛЬЯНСКОГО НА КАЗАХСКИЙ

Продолжение. Начало на 1 стр.

Обсуждая общие темы высшего образования было отмечено, что профессор из Италии уже третий год преподают студентам КазНУ итальянский язык на факультете международных отношений.

Глава делегации, проректор Университета Ка-Фоскари Тициана Липпиелло, в свою очередь подчеркнула, что поддерживает все предложенные проекты по сотрудничеству. «В нашем университете идет активное изучение культур народов Востока, функционирует Центр Конфуция и Японский Центр, также преподаются более сорока мировых языков. В этой связи, мы хотели бы тесно сотрудничать с Консорциумом Сеть Университетов Шелкового пути (The Silk-road Universities Network – SUN), членом которого является КазНУ», – отметила она.

Важным результатом встречи стало решение о создании Центра по изучению казахского языка и культуры в



Университете Ка-Фоскари в Венеции.

Итальянская делегация, всецело поддерживая эту идею, выразила уверенность в том, что создание такого центра в Венеции станет еще одним конкретным шагом по укреплению

продуктивного сотрудничества между вузами, будет способствовать сближению итальянской и казахской культур в будущем.

ПРЕСС-СЛУЖБА

Агентство РК по делам государственной службы и противодействию коррупции провело очередное заседание диалоговой площадки, на котором были обсуждены основные направления взаимодействия молодежи, религиозных и этнокультурных организаций страны по формированию антикоррупционной культуры в обществе.

Коррупции - нет!

По окончании мероприятия факультет журналистики и Студенческий пресс-центр КазНУ подписали Открытое соглашение о сотрудничестве по вопросам создания атмосферы нетерпимости к любым проявлениям коррупции и формированию антикоррупционной культуры в обществе.

Проведенная диалоговая площадка отличалась открытым форматом обсуждения и проходила в рабочей, конструктивной атмосфере. По результатам дискуссии были выработаны рекомендации и обсуждены конкретные меры реализации планов совместных действий по основным направлениям сотрудничества с институтами гражданского общества. Участники заседания выразили готовность проводить разъяснительную работу в соответствующих слоях общества в целях формирования у них антикоррупционной культуры.

На сегодняшний день акты о присоединении к этой акции подписали более двадцати организаций республиканского уровня, среди которых: партия «Нұр Отан», Ассамблея народа Казахстана, Национальная академия наук РК, Ассоциация высших учебных заведений РК, Ассоциация социологов Казахстана, Ассоциация «Болашақ», Конгресс молодежи Казахстана, Федерация профсоюзов РК, Интернет ассоциация Казахстана, Ассоциация деловых женщин Казахстана, Союз журналистов Казахстана, Союз кинематографистов Казахстана, Союз писателей Казахстана, Гражданский альянс Казахстана и др.

Ернур ДОСЖАНОВ,
Студенческий пресс-центр

В ЦЕЛЯХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

Продолжение. Начало на 1 стр.

В пленарном заседании с приветственными словами выступили декан факультета международных отношений КазНУ К. Шакиров, Генеральный консул США в Алматы М. Муди, директор Центра изучения Европы, России и Евразии в Государственном университете штата Мичиган А. Норман, руководитель Представительства Казахстана института стратегических

и Института солнечной энергии Академии наук Туркменистана. Во второй сессии участники конференции заслушают доклады экспертов из Центра развития возобновляемой энергии в Центральной Азии при Международном Вестминстерском университете в Ташкенте, КазНИИ энергетики им. академика Ш. Чокина. С презентацией о будущих возможностях в бизнесе



исследований при Президенте РК М. Нургалиева, приглашенный профессор Государственного университета штата Мичиган и старший научный сотрудник Института глобального взаимодействия М. Олкотт и другие. Участники конференции также заслушали пленарный доклад декана факультета географии и природопользования КазНУ В. Сальникова «Потенциал возобновляемой энергии в Казахстане».

В ходе первой сессии были представлены и обсуждены доклады экспертов из Казахского НИИ механизации и электрификации сельского хозяйства, Центра развития возобновляемой энергии и энергетической эффективности (Кыргызстан), ОАО «Систем автоматика» (Таджикистан),

возобновляемой энергии в Афганистане выступит президент и генеральный директор компании Afghanite Geo & Mining Engineering Services Джафари Ибрахим. Третья сессия, посвященная проблемам продвижения возобновляемой энергии в Центральной Азии, будет включать в себя доклады экспертов из Кыргызско-Российского Славянского университета в Бишкеке и ПОО «Tebigy Kuwwat» (Туркменистан), а также выступление советника по вопросам возобновляемой энергии Министерства Энергии и Воды Исламской Республики Афганистан Хайдари Можтаба на тему: «Приоритеты и стратегии Правительства Афганистана в сфере возобновляемой энергии».

Р. АБРАЕВ

ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

Жуырда ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті Қыр Шығыс кафедрасында Елші сағаты болып өтті. Қазақстандағы Корея Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі Чо Ёнчон мырза «Корей түбегінің бірігуі» тақырыбында оқытушылар мен студенттерге арналған дәрісін оқыды.

Елші Кореяның бөліну себептеріне тарихи тұрғыдан шолу жасай келе, қазіргі таңдағы түбектің жағдайына тоқталды. Солтүстік және Оңтүстік Корея бүгінгі таңда екі жақты келіссөздерден толығымен бас тартып, әскери тайталасқа көшкендігін айтып өтті.

Г.К. ШАТЕКОВА,
Қыр Шығыс кафедрасының
аға оқытушысы

«Айналады нұрландыр» жобасы аясында тарих, археология және этнология факультетінде ҚР еңбек сіңірген қайраткері, жыршы, термеші Ақан Әбдуәлімен кездесу болып өтті.

Текті сөздің төресі – терме нақышына келтіріле орындалған кездесу жастардың ұлттық рухани мұраға деген құрмет сезімін арттыра түсті.

Тарих, археология және
этнология факультеті

Таяуда ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасы «Қазақстандағы PR-білім берудің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Конференцияға арқау болған мәселе – «Қоғаммен байланыс» мамандығына талапкерлерді шығармашылық емтихан арқылы қабылдау формасын енгізу. Шараға шетелдік және қазақстандық PR саласын зерттеуші және практик мамандар, БАҚ өкілдері, ЖОО профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты. Олар мамандыққа байланысты пікірлерін білдіріп, болашақта осы мамандыққа талапкерлерді шығармашылық емтихан арқылы қабылдауды қолдайтындықтарын жеткізді.

Гүлдана ҚАЗТАЙ,
Студенттік баспасөз орталығы

Философия кафедрасында Дүние-жүзілік философия күніне орай «Философия – таңдау және мамандық» атты ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылды.

Шара барысында философия ғылымдарының докторы Қ.Ә.Әбішев Қазақстан философиясының қалыптасу тарихын үлкен тебіреніспен баяндап, жастарға осы бір ерекше ғылымның туын биіктете беруді тапсырды.

Гүлжиһан НҰРЫШЕВА,
философия кафедрасының меңгерушісі

Жақында биология және биотехнология факультетінің молекулалық биология және генетика кафедрасының ұйымдастыруымен «Жас генетиктер» атты зияткерлік сайыс өткізілді. Шараға «Биология» және «Биотехнология» мамандығының 2, 3-курс студенттері қатысып, сынға түсті.

Басты мақсат – студенттердің жеке даралық және ұжымдық шығармашылық дағдыларын дамыту, олардың генетика пәні бойынша алған теориялық және тәжірибелік білімдерін көрсете білу және ғылыми зерттеудің қазіргі әдістерін, айғақтарды қолдана отырып, ғылыми қорытындыларды өз бетінше жасап, өз еңбегін қорғауда нақтылыққа, бірізділікке үйрету болды.

Ж.Ж. ЧУНЕТОВА,
аға куратор

ҚазҰУ мен Ка-Фоскари (Италия) университеті басшылығының шешімімен Венецияда қазақ тілі мен мәдениетін оқыту орталығы ашылатын болды

Даулет БАЙДЕЛЬДИНОВ,
декан юридического факультета

Эффективный менеджмент — казахстанский капитал

— Вот уже не первое Послание Президента слушает страна. Разные были годы, и в разные времена Лидер нации обращался к своему народу.

Нынешнее время, в котором находится Казахстан и все мировое сообщество, нельзя назвать простым.

На фоне мирового кризиса и политическая нестабильность, и угроза миру, и религиозная нетерпимость. Отсюда иная интонация и колоссальная внутренняя собранность Главы государства. Конечно, основное содержание выступления Президента — это определение политики Казахстана на 2016 год и в первую очередь, это экономические преобразования и реформы в нашей стране. Обращают на себя внимание и направления, предложенные Президентом о начале нового этапа приватизации государственных предприятий. 7 тыс. государственных предприятий на сегодняшний день работают неэффективно и здесь надо жестко решить, какие предприятия мы должны отправить на процедуру банкротства, а какие предприятия должны поменять собственников. Фактически все предложения сводятся к тому, чтобы у предприятий появился эффективный менеджмент, желательно, чтобы это был казахстанский капитал. Для этого Президент предлагает принять ряд новых законодательных актов, улучшающих действие закона «О государственном имуществе».

Мне как представителю высшего образования в Послании понравилось то, что Президент предлагает ответы на те проблемы, с которыми университеты сталкиваются на сегодняшний день. Фактически вузы как государственное предприятие не имеет никаких прав в области свободного привлечения дополнительных финансовых средств, многие вопросы заработка университетов сталкиваются с неэффективной деятельностью на сегодняшний день закона «О государственных имуществах», «О государственных предприятиях». Согласно им средства, которые университеты зарабатывают должны полностью изыматься региональным комитетом государственных имущества, а это подрывает коммерческую инициативу вузов, заставляют жить за счет дотации со стороны государства.

Президент прямо указал, что любое государственное предприятие должно восприниматься не меньше, чем эффективная производственная корпорация, в которой сами работники должны определять и свой заработок, и свои расходы. Но для того, чтобы реализовать эти предложения Президента, необходимо изменить законодательство в сфере образования и науки.

Баян ЕРМЕКБАЕВА,
Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы

Үнемді өмір сүрсен, ұтасың

— Елбасы Н.Ә. Назарбаев қазіргі заманды күрделі бейімделу кезеңі дей отырып, өз жолдауын «...әрбір қазақстандықтың мақсаты: бірлікті сақтап, ел үшін еңбек ету болуы тиіс», - деп бастады. Яғни, «Біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін» деген қағидатты толық ұстап, әрбір ісімізді терең ойланып, үлкен жауапкершілікпен атқару.

Жолдауда Елбасы ел экономикасын қайта құрылымдау, оның бәсекеге қабілетін арттыру үшін қажет жаңа мүмкіндіктерге тоқталды. Бұл мүмкіндіктерді іске асырудың елімізде барлық жағдай бар, ал біз үшін болашағымыздың кемел жолы: өсу, реформалар, даму екендігін нықтап айтты.

Негізгі өсу, ең алдымен, экономикалық өсу, әлемнің озық 30 елінің қатарына қосылу. Экономикадағы жаңа үдерістің жаңа ішкі көздерін іске асыру. Бұл орайда халыққа мемлекеттік-жекеменшік серіктестігінің қағидаттарын түсіндірудің қажеттілігін және соның аясында шетелдік инвестициялар тарту жұмыстарын атқару керектігін атап көрсетті.

Елбасының жолдауда көрсеткен маңызды шараларының бірі — бюджет шығындарын онтайландыру. Елбасы халыққа «Қолдағы қаражатқа сай өмір сүру» талабын қойды. Қазаққа «Көрпеңе қарай көсіл» деген сөз бар. Міне, бүгінгі өмір талабына қарай мемлекет басшысы өз халқына осы қанатты сөзді қайталап айтты.

Жолдаудағы тағы бір жаңалық — ол салық жүйесін тиімді, бәсекеге қабілетті ету. Салықтық әкімшіліктің сапасы мен тиімділігіне қол жеткізу, салық жеңілдіктерін негізсіз беруді тоқтату. Бұл өте дұрыс, себебі, халықтың әлеуметтік жағдайы, қорғаныс, мемлекеттік басқару, әкімшілік шығындары салықтық түсімдерге тікелей тәуелді. Сонымен қатар мемлекет басшысы бюджеттің мемлекеттік шығындарын да тиімді жұмсау қажеттілігін терең негіздеп ашық түсіндірді. Бюджет шығындарының қысқаруы, әлеуметтік салаға ешқандай әсерін тигізбейді. Жаңа экономикалық жағдайда қаржыландырудың негізгі көзі ішкі ресурстарды тиімді пайдалану керектігін Елбасы негізгі міндеттердің бірі деп белгіледі.

Біз, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы жолдауды үлкен тебіреніспен және болашаққа деген үлкен сеніммен қабылдадық. Жолдауды іске асыру мақсатында өзіміздің ұжымның дағдарысқа қарсы бағдарламасына қосымша шаралар мен түзетулер енгізуді Ғылыми кеңесте талқылап, шешім шығардық. Астана мен Алматы қалаларын ғылыми сыйымды өнім өндіруші қала деген Елбасының сөзі — біздің ғылыми-зерттеу бағыттағы орнымыз бен мақсатымызды айқындап, ел үшін еңбек етуімізге үлкен жігер мен жауапкершілік жүктеді.



Зауре ИСКАКОВА,
заместитель декана факультета востоковедения

Вместе на новые рубежи развития

— Ежегодные Послания Президента Н. Назарбаева народу Казахстана являются одним из важнейших инструментов развития государства. Ведь именно документы такого уровня, можно сказать, и делают современную историю.

Будущие востоковеды, как никто другой, должны полностью понимать такие документы, уметь анализировать и использовать их в процессе профессиональной подготовки. Послания Президента всегда вызывают живой интерес и бурное обсуждение среди студенческой молодежи. Они несут в себе глубокую эмоциональную нагрузку, вселяя уверенность в свои силы и являясь, по сути, конкретной программой к действию.

Огромную роль в том, сможет ли нынешнее поколение молодежи принять от старшего поколения «груз ответственности» за страну, а значит, сохранить Казахстан как государственную и социокультурную целостность, играет профессиональная, социально-нравственная и гражданская позиция молодежи — совокупность профессиональных компетенций, социальных установок, морально-нравственных принципов и ценностных ориентаций молодых людей.

Во время обсуждения Послания они, волнуясь, говорят о своем будущем в контексте будущего страны. Ведь именно им завтра воплощать в жизнь стратегию развития государства. Сегодня они все силы отдают изучению восточных языков, культуры, истории, политики и экономики стран Востока, менталитета восточных народов, чтобы завтра своей профессиональной деятельностью способствовать укреплению и дальнейшему развитию отношений Казахстана с зарубежными странами.

Именно так воспринимают Послания Президента страны студенты факультета востоковедения. В частности, студенты КазНУ имеют активную жизненную позицию, в полной мере участвуя в общественной жизни факультета, университета и всей страны. Вдохновленные Посланием Президента Н. А. Назарбаева, востоковеды примут самое активное участие в реализации задач, поставленных Главой государства перед народом.

Нұрғай ТОРМАНОВ,
профессор

Ең бастысы — ауызбіршілікпен еңбек ету

— Елбасы биылғы жолдауында қазіргі заманның беталысына, адамзаттың аса күрделі кезеңге аяқ басып жатқандығына назар аудара отырып, алпауыт елдердің арасындағы теке-тіреске, бір-бірінің экономикасына санкция салып, дүниені тұйыққа тіреуге душар еткендігіне тоқталды. Осындай қиын-қыстау кезеңдерден аман-есен өту жолдарын нұсқап, еліміздің игілігі үшін аянбай тер төгуіміз керектігін айтты.

Бүгінде көп мәселелер біздің өзімізге байланысты. Біз өркендеудің қазақстандық жолын және «Мәңгілік ел» идеясын бастадық. Сондықтан Елбасы біздің ұзақ мерзімге, ортамерзімге және жақын болашаққа арналған стратегиялық жоспарларымызды іске асыруымыз керектігін міндеттеді.

Сондай-ақ Президент Н.Ә. Назарбаев соңғы жылдары халық тұрмысының, денсаулығының түзелуін, санының өсуін тілге тиек ете отырып, нәтижесінде қазақстандықтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 72 жасқа жеткендігін қуанышпен атап өтті.

Мемлекетіміз қандай қиын жағдай туғанымен, халықтың әлеуметтік жағдайына аса зор көңіл бөледі. Оның дәлелі қазіргі болып жатқан әлемдік қиындыққа қарамай, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап халықтың әлеуметтік күйін жақсартуға жағдай жасауды Елбасы Үкіметке тапсырды.

Ең қуантарлық жайт, білім беру және денсаулық саласына жаңа өзгерістер жасау керектігін нақты көрсетті. 2017 жылдан бастап кәсіби-техникалық білім беруді барлығына бірдей ақысыз дайындау жобасын бастау керектігін айтты.

Қазақ халқы талай қиын кезеңді бастан кешті. Қазіргі қиындыққа да төтеп берері даусыз. Ол үшін ең бастысы — ауызбіршілікпен аянбай еңбек етсек болғаны.



На кафедре дипломатического перевода открывается лингвистическая лаборатория

Ұстаздық – ұлағатты іс. Бойындағы барды келер ұрпаққа үйрету арқылы жүйелі білім мен кемел келешектің керегесін кеңейтетін ұстаздар қауымы. Осы орайда қасиетті ҚазҰУ шаңырағында өмір жолы жастарға өнеге, көпке үлгі боларлық ұстаздарымыз аз емес.

Сондай білікті ұстаздарымыздың бірі әрі бірегейі, заң факультетінің профессоры, Қазақстан Жоғары мектеп Ұлттық академиясы және ҚР Заң ғылымдары академиясының академигі Арықбай Нусіпәліұлы Ағыбаевпен жүргізілген сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

Арықбай АҒЫБАЕВ:

«ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ ЖОЛ»



– Ізденісіңізге қарағанда студент кезіңізде үздік болғаныңыз анық...

– Сабақты тек беске оқыдым. Екінші бірінші қолы жете бермейтін Лениндік шәкіртақыны алдық. Қоғамдық жұмысқа да бір кісідей араластым деп айта аламын. Белсенділігімді байқағаннан кейін ұстаздарым мені ғылым институтына жіберді. Сол жерде ғылыми қызметкер болып жүріп, жер-су реформасы бойынша Орынбор, Астрахан, Ташкент, Душамбе, Ашхабад заңдарын қарап, архивтерді ақтардым. Терең ғылымның әлі архив қойнауында жатқандығына көзім жетті.

3 жыл жұмыс істеп, кейін аспирантураны Мәскеуде оқимын деп шешім қабылдадым. Институт директоры ол жаққа барып жатқан студенттер легі жыл сайын құлап келетіндігін айтып, менің барғанымды онша құптамады. Бірақ, талабымды байқағаннан кейін басшылық дайындыққа 3 ай көлемінде уақыт берді. Нәтижесінде сынақтардың барлығын дерлік беске тапсырып, Мәскеу институтына қабылдандым. Бұл менің студенттік жылдарымдағы ұмытылмас күндердің бірі еді.

Мәскеу институтының оқытушылары менің Қазақстаннан келген студент екенімді біліп, жылы шыраймен қарсы алды. Сол жақтағы ұстазым, Одаққа белгілі танымал ғалым Сергей Яковлевич Булатов 1940 жылдары Қазақстанға келіп, ҚазГУ-да заң факультетінде кафедра меңгерушісі болды. Сонда ол кісі қазақ балаларының білгір де зерек екендігін айтып мақтаған болатын. Ол кісімен жақын араласқандығымның арқасында дипломдық жетекші ретінде келісімін де алдым. Содан 1970 жылдардан бастап ғылыми мақалаларымды шығара бастадым. Мәскеудің де қоғамдық жұмысына белсене араласып, коммунистік партияның мүшесі болдым. Кейін «Қылмыстық жауапкершілік» атты еңбегім жарық көрді. Соның барлығы студент кездегі ізденіс пен еңбектің жемісі дер едім.

– Көненің көзін көрген ғалымсыз. Қазіргі заң саласын жетілдіруде қандай ұсыныс айтар едіңіз?

– Қазақстанда заң шығару процесін жетілдіру керек. Кеңес кезінде заңдардың жобасы баспасөз беттерінде жарияланып, халық оны талқылап, пікірлерін Заң шығаратын органға жолдайтын. Жоғары Кеңес халықтың ұсыныс-пікірлерін ескеретін. Содан кейін ғана заң қабылданатын. Қазіргі заңдардың жобасы баспасөзде жарияланбайды. Парламент сараптамаға өзі жіберіп, өзі

талқылайды. Халық заң қабылданып, мәтіні баспасөзге шыққанға дейін бәрінен бейхабар күйде отырады. Сондықтан заңды қабылдау мәселесін жетілдіру керек деп ойлаймын.

Заң жобасы, алдымен, баспасөзде жариялануы керек. Халықтың пікірін білу керек. Екіншіден, заң жобаларын дайындайтын ғылыми-зерттеу институты жоқ. Шет мемлекеттерде Парламенттің жанында осындай мекемелер жұмыс істейді. Заңның тетіктерін, қажеттілігін, дүние жүзіндегі осы сияқты заңдарды зерттей отырып, жоба жасаумен айналысады. Сонда заңның сапасы артады және әр министрлік өз мүддесін алдымен алға тартпайтын болады. Себебі, заң барша халыққа ортақ болуы керек. Сондықтан заң жобаларын дайындаумен айналысатын арнайы ғылыми мекеме керек.

– Бүгінде сот органдары халық сенімінен қаншалықты шығып жатыр деп ойлайсыз?

– Соттың жұмысы жылдан жылға күшейген сайын, қазір халықтың сотқа деген сенімділігі артып келеді. Кеңес кезінде халық өз мәселесінің шешімін әкімшілік органдардан, партиядан күтетін. Қазіргі уақытта кез келген мәселе сот арқылы шешіледі. Соттың саны, судьялар көбейіп келеді. Халық сотқа неге сенбесін? Үйде отырып сенімсіздік білдіруе болмайды. Арыз-шағымын алып, сотқа барсын. Соттың шешімі дұрыс болмай жатса, жоғары органдарға жүгінсін. БАҚ та көмекке келеді.

Соттардың съезінде бұл мәселе сөз болған. Соттар кейде өте қиын мәселелерді шешеді. Ол туралы БАҚ-та айтылмағандықтан халық білмейді. Соттың тек кемшілігін жазу белең алған. Әділ шешім шығарып, елдің ризашылығын алып жатқан сот туралы баспасөзде көп жарияланбайды. Соттың баспасөз қызметі бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыс жасап отыруы керек. Шешімін тауып жатқан ауыр істер, сотқа қандай мәселелер бойынша жүгінуге болатындығын халыққа хабарлап, мәлімдеп отырса, сот үкімі халықтың сенім үдесінен шығары анық.

– Ал еліміздегі криминалистика ғылымының аяқ алысы туралы не айтар едіңіз?

– Қазақстан көпұлтты, зайырлы мемлекет деп, дүние жүзіндегі ең үздік заңдарды жасауға тырысамыз. Бірақ ұлттық мемлекетке сай заңдарды да негізге алу керек. Сол себепті Қазақстандағы криминалистиканы ғылыми тұрғыда әлі жетілдіре түсу қажет. Өйткені, криминалистика ғылымының арнайы зертханасы,

■ АРНАУ

ТАУЛАРМЕН Биіктігі таласатын

(Белгілі ғалым, з.ғ.д., профессор,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері
Ағыбаев Арықбай Нусіпәліұлына)

Ойының қалыңдығы ормандайын,
Жанына шарапаты толған дәйім.
Жас өскін жел өтінде қалмасын деп,
Болатын бәріне де қорған қайың.

Танытқан терең ойлы ғалымдығын,
Есімі бар аймаққа мәлім бүгін.
Бет алып адалдықтың ауылына,
Салған ер, иығына таным жүгін.

Көктегі күн секілді күліп тұрып,
Танытқан өз ісінде біліктілік.
Жалғанда жаза баспай адалдықтан,
Әділдік шебінде әркез тұрыпты нық.

Көрсетпей кішілерге бір ағатын,
Танытқан танымы мен ұлағатын.
Жүрегі жақсылық деп соғады да,
Тілегі мейірімнен құралатын.

Пайымдап көріңізші парасатын,
Өзіне өрлік қана жарасатын.
Теңізбен өлшенеді тереңдігі,
Таулармен биіктігі таласатын.

Жүзіне қашаннан-ақ ар ұялап,
Ағады көңілінен дария-бақ.
Жанының сүттей аппақ тазалығын,
Жүрегі тұрады әркез жариялап.

Жанының жақұтқа орап ар-киесін,
Көрсеткен ұл-қызына тәрбиесін.
Талаптың білер едің қандайлығын,
Көрсеніз жұмысының бар жүйесін.

Намысы күзетте тұр, балтаны алып,
Тамыры тектілікке тартады анық.
Көргенде осы ағаны, серпіліп бір,
Әділдік шыға келер арқаланып.

Ақ түспен жазып алып Алаш атын,
Ар үшін қиындықтан әрі асатын.
... Таңсәрі, ал ол кісі асығуда,
Жұртына тигізуге шарапатын!

Белгілі ақын
Алма ТҮСПБЕКОВА

тәсілдері, құралдары болады. Бізде бұл сала бойынша жұмыс істеп жатқан ғалымдар бар. Бірақ аз. Криминалистерді арнайы даярлайтын оқу орнын ашуды мақсат етіп қойсақ, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, т.б. құқық қорғау органдарында криминалистиканың орны да арта түсер еді. Қазіргі криминалистер мен бұрынғы криминалистерді салыстыруға болмайды. Криминалистер ғылым-біліммен қаруланып, дүниежүзілік тәжірибелерді қолдана отырып жұмыс істеу керек деп ойлаймын.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Жұлдыз ӘБІЛ

Халықаралық қатынастар факультетінде өткен конференцияда
Қазақстан және АҚШ ғалымдары қайта қалпына келетін энергия мүмкіндіктерін талқылады

Есім хан – 1598-1613/14 және 1626/27-1628 жылдардағы қазақ ханы. Ол Тәуекел ханмен бірге Шығай ханның Жақсым бике атты әйелінен туған. Зерттеушілер Шығай ханның он екі ұлы болғанын айтады. Олар мыналар: Сөйтқұл сұлтан, Оңдан сұлтан, Тәуекел хан, Есім хан, Шахмұхаммед, Әли, Сұлұм, Ибрагим, Шахим, Кучук, Абулай және Бусайд сұлтандар. Шығай ханның ұлдары арасында Сөйтқұл, Оңдан, Кучук және Абулай сұлтандардың есімдері әртүрлі оқиғаларға байланысты жазба деректерде кездесіп отырса, қазақ елінің саяси тізгінін қолдарына ұстағаны – Тәуекел хан мен Есім хан.

ЕСІМ ХАН

табандылығын көрсетеді.

1598 жылы Тәуекел ханнан кейін такка келген Есім хан ең алдымен Мәуереннахрға қатысты түйінді мәселені шешеді. Нахшбенділік шейхтердің араласуымен қазақ билеушісі мен ортаазиялық билеушілер арасында бейбіт келісімдерге қол жеткізіледі. Бұл дегеніміз – Қазақ хандығының аумағына Түркістан мен Ташкент аймақтарының қосылуын Мәуереннахр билеушілерінің заңды түрде мойындағанын көрсетеді. Жасалған келісімшарт Түркістанды түпкілікті түрде, Ташкентті 200 жылға және Ферғананы уақытша Қазақ хандығының құрамына қосады.

Есім хан билігінің алғашқы кезеңінде оқиғаға карақалпақ тайпаларының бүлігі жатады. 1603 жылдың күз айында олар шибанилық бір сұлтанды хан көтеріп бөлектене бастайды. Екі жақ арасындағы алғашқы ұрыстар сәтсіз болып, қазақ ханы Түркістан, Ташкент, Сайрам қалаларынан айырылады. Тек 1605 жылы ғана Есім хан карақалпақ ханы Жалған Әбдіғаппарды өлтірген соң, елдің тұтастығы мен бірлігін сақтап қалады.

Қазақ хандығындағы екінші бүлікке қазақ сұлтаны – Тұрсын мұхаммед сұлтанның бүлігін жатқызуға болады. Шамамен, 1613-1614 жылдары аштарханилық Имамқұли ханның қолдауымен Есім ханнан билікті тартып алған Тұрсын хан 13 жылдай Ташкентте хан болып отырады. Ал Есім хан болса Шығыс Түркістандағы шағатайлық хандарға кетуге мәжбүр болады. Оның өмірінің алты жылы Шығыс Түркістан аумағында өтеді.

XVII ғасырдың басында бұл аумақта да Абд ар-Рашид ханның ұрпақтары арасында тартыстар күшейеді. 1615-1616 жылы Тұрпан билеушісі Абд ар-Рахим хан

Ақсу камалын басып алу үшін бірнеше рет жорық жасайды, бірақ ешқандай нәтиже бермейді. Сол себепті де ол өзіне одақтас ретінде Есімді шақырады. Ал Есім хан болса, хандық биліктен айырылып, Ташкенттегі Тұрсын ханмен қатынасы өте нашар боп тұратын.

Есім хан Шығыс Түркістанда алты жылдай болып, ол жақтағы саяси оқиғаларға белсене араласады. Бірнеше рет Абд ар-Рахим ханмен бірлесіп, Ақсу камалын иемденуге күш салады.

1623-1624 жылы Есім хан Шығыс Түркістаннан қайтып оралады. Соған карағанда Тұрсын ханмен арадағы қатынасы жақсарады. Тіпті, 1624 жылы Есім хан Тұрсын ханның Андижан жорығына қатысады. Бұл жорық қазақ хандары үшін өте сәтті аяқталып, Бұхара әскерлері жеңіліске ұшырайды. Осыдан кейін Есім хан Түркістан қаласына орнығады.

1625 жылы болашақ Хиуа ханы әрі тарихшы Әбілғазы Түркістандағы Есім ханға келеді. Бұл туралы ол былайша баяндайды. «Түркістанда Есім хан қасында үш ай тұрдым. Ол уақытта қазақтың ханы Тұрсын хан еді, ол Ташкентте тұратын еді, Түркістанға келді. Есім хан оны көре барды, мені есік алдына қойып, өзі барып Тұрсын ханға көрініс қылып, қайтып келіп, менің қолымнан жетектеп алып барды. Тұрсын ханға: «Бұл – Йадгар хан ұлы Әбілғазы, еш уақытта бізге бұл жамағаттан кісі келіп қонақ болған жоқ еді, бізден барғандар көп болар, бұл Сіздің қызметіңізде болғаны жақсы», - деді. Тұрсын хан: «Жақсы, сенің айтқаның болсын», - деп өзімен бірге Ташкентке алып кетті. Ташкентте Тұрсын хан қасында екі жыл тұрдым. Екі жылдан соң Есім хан Тұрсын ханды өлтірді».

Есім ханның Тұрсын ханды өлтіруі



1627 жылы болады. Ол туралы деректе былай делінеді: «Сол жылы (1626-1627 жыл) Есім сұлтан қалмақтарға жорық жасауға шешім қабылдайды. Ол «туы астына бүкіл алаш әскерін, басқа да қол астындағы ұлыс адамдарын, Тұрсынға қарайтын қатағанның бір бөлігін жиып, Моғолстанның бір шетіне аттанады да, қалмақтарға шабуыл жасап, оларды тонауға ұшыратады. Осы кезде Тұрсын сұлтан көптен бері өзінің басты саяси қарсыласын жоюды көздеп жүрген болатын. Ол тез әскер жасақтап, Түркістанның бір жерінде орналасқан Есім ханның Ордасын талқандап, ондағы адамдарды қыруды көздейді. Оның адамдары Ордаға бас салып, көп адамдарды қырады да, Есімнің әйелдері мен балаларын барлық қызметшілерімен Ташкентке алып кетеді. Жеңіске масаттанған Тұрсын хан Есімнің көзін біржолата жою үшін «оның жорықтан оралар жолын күзетіп, тұтқиылдан ұстамақ болады». Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ол өз әскерімен Есімге қарсы аттанады. Екі жақ Сайрам түбінде кездеседі. Тұрсын жеңіліс тауып, Ташкентке қарай шегінеді. Екі қазақ ханының Ташкент түбінде екінші ұрысы болады да, Тұрсын хан әскері жеңіліс табады, ал Тұрсын ханның өзі қаза табады. Оны өзіне жақын адамдарының бірі өлтіреді. Есім хан Тұрсын ханның басын кесіп алып, Бұхара ханы Имамқұл ханға жібереді. Өз кезегінде Бұхара билеушісі Есім ханға Түркістан, Ташкент және тағы басқа қалалар мен елді мекендерді басқаруға хан жарлығын шығарады.

Есім хан Тұрсын ханды өлтіргеннен кейін Түркістанға қайтып оралады. Онда ол бір жылдай өмір сүріп, келесі 1628 жылы шамамен 70 жасқа караған шағында қайтыс болады. Оның денесі Қожа Ахмет Йасауи кесенесі жанына қойылып, кабірінің басына кішігірім мавзолей салынады.

Деректерде Есім ханның тек үш ұлының есімі ғана айтылады, қалғандары жөнінде мәліметтер жоқ. Оның ұлдары: Жәнібек сұлтан, Жәңгір хан (Жахангер) және Сырдақ сұлтан. Есім ханнан кейін тақты оның ұлдары Жәнібек, одан кейін Жәңгір хандар басқарады.

Берекет КӘРІБАЕВ

(Басы өткен сандарда. Жалғасы бар)



Лингвистикалық зертхана ашылды

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ

Көне түркі жазулары – ата-бабаларымыздың ежелгі қазынасы. Көне түркі жазба ескерткіштері – көне түркі тайпаларының жоғары тіл мәдениеті мен білім өрісінің көрсеткіші.

А.С. Аманжолов

Біз – ертеден тұлпарлардың тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түркілердің ұрпағымыз. Осындай терең тарихымыз бен тілімізді, дініміз бен ділімізді, мәдени, рухани құндылықтарымызды бір арнаға тоғыстырып, оны бүгінгі ұрпаққа кеңінен насихаттауда түркітану ғылымы жетекші рөл атқаруда.

Бір кездері бір ғана бөрілі байрақтың астына біріккен ер түріктің ұрпақтары едік. Бүгінде түбі бір сол түркінің тұяқтары бөлек-бөлек мемлекеттерге айналып, әлемдік өркениет сахнасында мәртебесін көтеруде. Осы орайда қарашаңырақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінде жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, «Түркі әлемі» клубының жетекшісі Сәуле Бектемірова мен клуб үйлестірушілері, 1-курс магистранттары – Р. Ауесхан мен С. Дауталиевалардың ұйымдастыруымен жуырда дәстүрлі «XXIII Түркі жазуы мейрамы» өтті.

Шарада «қазақ филологиясы» мамандығының 1-курс студенттері «Түркі филологиясына кіріспе» пәні бойынша алған білімдерін «Жәдігер», «Ергенекон», «Алдаспан» атты топтарға бөлініп, өзара бақ сынасу негізінде көрсете білді. Мейрамға жиналған көрерменнің көз алдынан көшпенді халқымыздың бар тарихы сары далада сағыммен араласып созылып бара жатқан керуендей болып өтіп жатты. Студенттеріміз таныстыру, өз өнерлерін ортаға салу, драмалық қойылым қою арқылы бақ сынаса, 4-кезенде тарихи жәдігерлер жайында және көне түркі әліпбиін жатқа білу тұрғысында сынға түсті. Осы жылы ұйымдастырылған бұл мейрамның тағы да бір ерекшелігі, кешке арнайы келген қонақтар – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультетінің профессоры Р.А. Авакова, түркітанушы-ғалым, Phd докторы Мехмет Арслан, жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары М.К. Мәмбетова, журналистика факультеті баспа ісі және дизайн кафедрасының оқытушысы Н.Т. Данаева келіп қатысып, сайысқа түскен топтарға төрелік жасады.

Бұл сайыста «Алдаспан» тобы өз өнерлерімен көрермендерді тәнті етіп, жеңіс төрінен көрінді. Жұлделі екінші орынды қанжығаларына байлаған «Жәдігер» тобы болса, үшінші орынды «Ергенекон» тобы иеленді. Бұл топтарға факультетіміздің атынан арнайы дипломдар және сыйлықтар табыс етілді.

Көк Түрік ұрпақтарының көтерер туы әлі де өз аспанында биіктей бермек. Тарихымыз терендеп, тіліміз кемелденіп, дініміз кең таралып, рухымыз асқақтай берсін!

Сәуле БЕКТЕМІРОВА,
жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының доценті

Бұл күндері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық қатынастар факультеті өзінің жиырма жылдық мерейтойын атап өтуде. Халықаралық қатынастар факультеті - халықаралық қатынастар, халықаралық құқық, аймақтану және әлемдік экономика саласындағы мамандарды даярлау орталығы. Факультет түлектері дипломатиялық миссиялар, үкіметтік және үкіметтік емес халықаралық ұйымдар мен бизнес салаларында, Қазақстан мен одан тысқары жерлерде білім беру және ғылыми-зерттеу саласында көшбасшы қызметтерді атқарып жүр.

Халықаралық қатынастар факультеті өзінің 20 жылдық тарихында шетел тілдеріне көңіл бөлу арқасында үлкен нәтижелерге қол жеткізді. Қазіргі таңда жоғары білікті кәсіби ұжымның жұмысының нәтижесінде сегіз шет тілін оқыту бойынша білім беру қызметін көрсетеді. Кафедра басшылығы мен ұжымы үнемі заманауи және инновациялық оқыту технологияларын қолдануға ұмтылады. Сондықтан да, шетел тілдерін кәсіби мақсатқа оқытуда интерактивті әдістерді одан әрі дамыту үшін дипломатиялық аударма



кафедрасында жаңа лингвистикалық зертхана ашылды.

Бүгінгі лингвистикалық лабораторияның ашылуы – бизнес өкілдерінің Қазақстандағы білім беру саласына қосқан демеушілік көмегі. Факультет түлегі «Қазақ-Қытай құбыры» ЖШС Бас директоры Досанов Димаш Ғабитұлы лингвистикалық зертхананың ашылуына 10 компьютер сыйға тартты. Сонымен қатар, халықаралық қатынастар, халықаралық құқық, аймақтану және әлемдік экономика мамандықтары бойынша оқитын төрт үздік студентке

шәкіртақы тағайындады.

Лингвистикалық зертхананың ашылу салтанатында «Қазақ-Қытай құбыры» ЖШС Бас директорының кеңесшісі Арсенов Арман Қанатұлы және факультеттің еңбек ардагері, шет тілдер кафедрасының алғашқы кафедра менгерушісі, ф.ғ.к., профессор Қайырбаева Роза Сахарқызы жиналған студенттер мен кафедра оқытушылары алдында сөз сөйлеп, еңбектеріне шығармашылық табыс пен сәттілік тіледі.

Дипломатиялық аударма кафедрасы

БАҚ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ БАСТАУЛАРЫ ЖӘНЕ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Осындай атаумен ҚазҰУ-да баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының ұйымдастыруымен республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Шара негізінен өңірлік БАҚ дамуына бағытталды. Қызылорда, Шымкент, Қызылжар, Астана, Ақтөбе аймақтарынан облыстық, аудандық басылмалардың бас редакторлары, жауапты хатшылары, журналистері келіп қатысты. Сонымен қатар Әзірбайжан, Қытай елінен де журналистер шақырылды.

Екі күндік шара барысында аймақтан келген журналистерге профессорлар – К. Камзин, Б. Жақып, К. Қабылғазина, С. Барлыбаева, Ш. Нұрғожина, Н. Шынғысова және тағы басқа оқытушылар «Конвергентті БАҚ нарығына маман дайындаудың жаңа міндеттері», «Дәстүрлі медиа. Жаңа медиа. Әлеуметтік медиа: түйісу немесе карама-қайшылық алаңы»,

«Өңірлік медиа кеңістіктің дамуы, проблемалары мен таяу болашағы» тақырыптарында шеберлік-сағаттарын өткізді. Аймақтан келген БАҚ өкілдерімен жүзбе-жүз кездесіп, мәселелерді бірге талқылап, аймақтарда студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуінің шешуші жолдары ұсынылды.

Сонымен қатар шара барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және «Қазконтент» АҚ арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. «Қазконтент» АҚ басқарма директоры Жандос Шолақов өз сөзінде аймақтық БАҚ өкілдерінің басын қосып, игі бастама бастап отырған білім ордасына зор алғысын білдіре отырып, алдағы

уақытта бірлесе жұмыс атқаруға дайын екендіктерін жеткізді.

Профессор, Қазақстан Журналистер академиясының академигі С. Қозыбаев журналистерді көптеген жылдар бойы дайындап келе жатқан баспасөз және электронды БАҚ кафедрасына «Қазақстан Республикасының үздік журналистік кафедрасы» номинациясы бойынша Қазақстан Журналистер академиясының Құрмет дипломын факультет деканы С. Мелеубекұлы мен кафедра менгерушісі Г. Сұлтанбаеваға табыс етті.

Қатысушы қонақтар бүгінгі бәсекеге қаблетті маман дайындаудағы жаңа бағыттарды ҚазҰУ-дың телерадиокешенінің жаңалықтар қызметінің қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі жұмыстарының таныстырылымынан, «Ел ғылымының келешегі – жастар» телефильмінің көрсетілімінен айқын байқады. Сондай-ақ, жас блогерлерді қолдау мақсатында жаңа медиаға өз үлестерін қосып жүрген студенттер арасында ұйымдастырылған «Ұлттық блогиада» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Шара барысында «Фотожурналистика» саласы да назардан тыс қалмай, Қытайдан арнайы келген Алтай аймақтық фотосуретшілер қоғамының мүшесі, халықаралық фотобайқаулардың жүлдегері, этнография және табиғат түсірілімдерінің шебері Бақытхан Әсетұлының арнайы шығармашылық сағатын тындады.

Әйгерім ӘЛІМЖАН,
журналистика факультетінің аға оқытушысы

Сіз де ҒАЖАЙЫШҚА сеніңіз!

Талай армандар тоғысып, талай белестер бағындырылған, талай жүректер алып ұшып, асыға, алқына жеткен ҚазҰУ, мен сені жақсы көрем!

«Ғажайыпқа сен!» деген сөзді қатты жақсы көрем. Неге дейсіз бе? Себебі бұл сөз – қараңғылықтың шырмауынан арашалап алып шығып, алыстан беймәлім бір әлсіз жарық болып көрінетін, орындалмастай бұлдырап көрінген асқақ армандарды біртәбән болса да өзіңе жақындататын киелі де қанатты сөз. 11 сыныпта оқып жүргенімде «Дарын» орталығының қосымша білім беру базасында облысымыздың ең білікті де тәжірибелі ұстаздарынан білім алдым. Сабақтан қосымша тынығу үшін психологтар сергіту сәттері мен тренингтерді жиі өткізетін. Сондай бір күні шеңбер боп айналып тұрып, аппақ паракқа бір-бірлерімізге арнап тілектерімізді, жалынды сөздерімізді жаздық. Кім жазғанын білмеймін, жүрегімді дір еткізіп, қатты толқытқан, ғайыптан тыс тосын оқиғадай ерекше есімде қалған тілек осы болды. «Ғажайыпқа сен!» Сынаққа күні-түні дайындалып, қатты қобалжып жүрген мен үшін бұл сөз айтарлықтай демеу болғанын ұқтым. Ішімнен күбірлеп қайталай бердім. Қайталай бердім...

Қай істі болсын құлшына істеуде, максат қойып талпынуда керек маңызды нәрсе – сенімділік. Сену. Барынша сену және сол сенімді жоғалтып алмау. Мен Құдайдың құдіретіне сендім. Аяқ астынан болатын «ғажайыпқа» сендім. Иә, иә, мен сендім. Жазушы Аягүл Мантай айтқандай: «Өзіңе



Досжан БАЛТАБЕКҰЛЫ (фото)

сен! Сенім ғана адамды алып шығады!».

Иә, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқудың өзі мен үшін кезінде орындалмас арман, жай ғана бос қиялдай болып көрінгені жалған емес. Ал менің бағыма бұйырған бақыт – сол кара шаңырақтың, Әуезов негізін қалаған филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына мемлекеттік грант ұтып алуым еді. Бұл мен үшін асыл армандарыма жетуіме деген «рухани күш» болды. 80 жылдан астам тарихымен талай сындарлы кезеңдерді басынан өткеріп, Қазақстан білімі мен ғылымының ең биік тұғырына көтерілген, әлемнің «екінші ұстазы» әл-Фараби бабамыздың атымен

аталған қарашаңырақтың осылайша студенті атандым.

Бағытым – айқын, арманым – биік. Өз ісім мен кәсібімнің нағыз маманы болуым үшін ылғи да ізденіс үстінде болып, көп еңбектенемін. Болашағымның жарқын болуы мақсатында талпынамын. Зор жетістіктерге жету үшін, ірі қамалдарды бағындыру үшін барымды саламын. Себебі мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студентімін. Әрбір еңбек пен талпыныстың артында «құпия сый» тосып тұратынын ұмытқым келмейді. Бастысы, мен ғажайыпқа сенемін. Сіз де ғажайыпқа сеніңіз!

Зияда ТИНИКУЛОВА

Менің ҚазҰУ-ым

*Жүректен жырлар шықса мағыналы,
Онда сөздің сүйекке дарығаны.
Керемет кемел білім ордасы бар,
Қазағымның киелі шаңырағы.
Іргелі бұл оқудан түлеп ұшты,
Алаштың сансыз алып саңлағы.*

*Айналған жүректердің арманына,
Сай болған түлектердің талғамына.
Білімнің шырағымен жарық беріп,
Бағыт бердің тайғақты жолдарыма.
Әл-Фараби бабамыздың атындағы,
ҚазҰУ-ым сенде жатыр бар мағына.*

*Келеді басқалардан даралағым,
Себебі, осы болды қалағаным.
Өзгеде жоқ өзгеше қалашықтан,
Керегімнің барлығын таба аламын.
Бұлағы терең білім сарқылмаса,
Шығады әлі талай даналарың.*

*Қарыштап үдете тұс қарқыныңды,
Ордаңнан өндіре бер алтыныңды.
ҚазҰУ-ым мен сенімен мақтанамын,
Болашаққа болсын сенің даңқың үлгі.
Алатаудай тау тұлға болған кезде,
Мақтанышпен айтасың мәрт ұлыңды.*

Әлібек ҚЫЗАЙБАЙ,
механика-математика факультетінің
2-курс студенті



Қайта оралмас қызықты сәттер

Студенттік өмір – қызығы мен шыжығы, базары мен ажары, қуанышы мен қиындығы қатар жүретін өмірдің аса бағалы кезеңі. Ең алғаш университет қабырғасына келіп түскенде студенттік шақ таусылмастай көрініп еді. Алайда, көзді ашып-жұмғанша бакалаврдың төртінші жылының ортасына да келдік. Осыған орай, жуырда география және табиғатты пайдалану факультетінде «геодезия және картография мамандығы» студенттерінің ұйымдастыруымен 4-курс студенттеріне арналған «Студенттік шақ – қайталанбас сәт» атты кеш болып өтті.

Кеш барысында студенттер түрлі өнерлерін көрсетіп, әсем ән шырқалды, домбырадан күбірлеген күй төгіліп, гитарамен де әндер айтылды, көптеген ойындар да назардан тыс қалған жоқ.

Төртінші курс – қимастықтың курсы. Осы төрт жыл бойы қасымызда жүріп, екінші анамыздай болған куратор-эдвайзерлеріміз Қожахметова Үміт Қасымжанқызы мен Тұрапова Рахат Орынбасарқызына айтар ризашылығымыз шексіз. Сондай-ақ, білімнің терең нәрінен сусындатқан кафедраның барша мұғалімдерінің орны біз үшін бір төбе.

Бірнеше айлардан соң соңғы емтиханымызды тапсырып, студенттік өмірмен қош айтысамыз. Дегенмен де, бұл барлығының бастамасы болмақ. Өмір жолына енді ғана қадам басқалы отырған біздер осы уақытқа дейінгі білім беріп, тәрбиелеген ұстаздарымыздың сенімін ақтаймыз деген үміттеміз. Барлығымыз сіздер сияқты білікті маман болатындығымызға сенеміз.

Алтын БӘЙІМБЕТОВА,
геодезия және картография мамандығының 4-курс студенті

В Польше прошел международный фестиваль молодежного творчества «Калейдоскоп талантов-2015». Гран-при этого фестиваля выиграла студентка 1 курса факультета востоковедения Ляззат Полатбек. Она выступала и как солистка группы Центра классического индийского танца.

«КАЛЕЙДОСКОП ТАЛАНТОВ»

Зрители фестиваля "Калейдоскоп талантов" были буквально потрясены красотой и профессионализмом юной казахстанской студентки. Зал неоднократно взрывался аплодисментами и бурными криками во время ее танца. В 2006 году Ляззат впервые переступила порог Центра классического индийского танца. Она сразу влюбилась в чарующую музыку и грациозные «па», сплетающиеся в яркие и выразительные композиции, которые можно понять без слов. За прошедшие 10 лет Ляззат полностью освоила курс классического стиля «бхаратнатьям» и имеет сертификат, дающий ей право уже самой преподавать индийский классический танец. Она неоднократно принимала участие в концертах, проводимых в честь государственных праздников Казахстана и Индии.

Состоявшись как специалист в области индийского классического танца, Ляззат начинает сейчас свое становление как востоковед. Она изучает хинди, персидский и английский языки, каждый из которых сыграл огромную роль в развитии индийской цивилизации. Она – очень талантливый человек, к тому же привыкла трудиться. А талант, умноженный на труд, обычно дает выдающиеся результаты. Нет сомнений, что в будущем Ляззат займет



свое достойное место в ряду казахстанских индологов.

З. Е. ИСКАКОВА,
зам. декана по учебной и воспитательной работе факультета востоковедения

Фонд «Мечта корейцев СНГ» присвоил стипендии студентам факультета востоковедения

Ел іргесі бүтін болғай!

Бүгінгі күні әлемнің түрлі түкпірінде террорлық-экстремистік әрекеттер салдарынан сол елдердегі бейбіт халықтың, жас сәбилердің басынан кешіп отырған қайғылы күйі кімнің болса да жанын түршіктіріп қана қоймай, одан сабақ алуға, ел іргесінің бүтіндігі мен қауіпсіздігі, ел ішінің тыныштығы тұрғысында қам жасауға итермелейді.

Осы орайда Тәуелсіздік күні қарсаңында ҚазҰУ-дың №17 Студенттер үйінде филология және әлем тілдері факультеті жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасы куратор-эдвайзерлері – А.Қ. Таусоғарова, Ә. Ақшолоқова және PhD докторанттары – М. Жамбылқызы, Б. Нұржановалардың ұйымдастыруымен діни экстремизм мен террорлық әрекеттер ықпалынан сақтандыру мақсатында студенттер арасында алдын ала сауықтыру шарасы өткізілді.

Аталмыш мәселені саяси-ғылыми тұрғыдан терең талдап, қайғылы салдарына тыңдарман студенттердің көз жеткізіп, діни ұғымдар туралы іргелі әрі жүйелі түсініктерін қалыптастыру үшін салалық мамандар арнайы шақырылды. Атап айтқанда, Алматы қаласы Ішкі істер департаменті экстремизмге қарсы күрес басқармасының қызметкері, полиция подполковнигі Е.Қ. Айдаров пен осы құзырлы мекеменің жедел уәкілі, полиция капитаны М.Қ. Қасымжан, сондай-ақ Діни істер басқармасы басшысының кеңесшісі А.Н. Чалданбаев пен аталмыш мекеменің қызметкері Мырзахмет Жүзи «Діни



экстремизм және терроризмнің алдын алу» тақырыбында дайындалған слайдтарды алға тарта отырып, діни экстремизм, экстремистік ағымдар және олардың тарапынан исламның гуманистік қағидаларының теріс бұрмалануы туралы мәліметтер беріп, джихат, шаһид ұғымдарының діни мәнісін ғылыми-теориялық тұрғыдан талдап көрсетті.

Бұл орайда философия және теология ғылымдарының докторы, профессор Досай Кенжетай, теология ғылымдарының докторы Алау Әділбаев және теолог-исламтанушы докторант Қайрат Құрманбаевтардың діни экстремизм мен террорлық әрекеттердің саяси астары туралы пікірлері Сирияға кеткен азаматтар мен олардың бала-шағаларының аянышты хал-күйімен дәйектеліп,

слайд көрсетілім арқылы студент-тыңдармандар назарына ұсынылды.

Түрлі діни экстремистік ағымдардың дәстүрлі діндерді теріс бұрмалай отырып, адамдарды дұрыс бағытынан адастыруда қолданатын манипулятивтік тілдік айла-шарғылары және олардан сақтануда 114 желісі, орталық мешіт сайттары, мешіттер тарапынан ұйымдастырылған тегін діни сауат ашу курстары, сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитеті психолог-сарапшыларының қызметтері мен олардың әрдайым көмекке әзірлігі атап көрсетілді.

Аяужан ТАУСОҒАРОВА,
филология және әлем тілдері
факультетінің доценті



МИ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСАРТҚЫҢЫЗ КЕЛСЕ...

Егер миыңыз шаршап жүрсе, төмендегі қағидаларға назар аударыңыз. Керемет күш-қуат сыйлап, көңіл-күйіңізді көтеретін бұл кеңестердің сізге мол пайдасы тиіері анық.

1. Жұмбақтар мен бас қатырғыштар шешіңіз.
2. Шахмат немесе басқа үстел ойындарын ойнаңыз.
3. Киім үлгіңізді өзгертіңіз.
4. Әрқашан жаңа бір нәрсе ойлап табуға тырысыңыз.
5. Шығармашылық ойлауыңызды дамытыңыз.
6. Әр ісіңізді ақылға салып, дұрыс шешім қабылдаңыз.
7. Логикалық тапсырмалар шешіңіз.
8. Белгілі бір ғылыми әдіспен танысыңыз.
9. Қалаған затыңыздың суретін салыңыз. Ол үшін міндетті түрде кәсіби суретші болудың қажеті жоқ.
10. Жонглерлік жасап үйреніңіз.
11. Спортпен шұғылданыңыз.
12. Келбетіңізге көңіл бөліңіз.
13. Суды көбірек ішіңіз.
14. Тамақ жеуге арналған таяқшаларды тұтыныңыз.
15. Терең тыныс алыңыз.
16. Классикалық жанрдағы әуендерді тыңдаңыз.
17. Өз өміріңізді өзіңіз жеңілдетіңіз.
18. Күнделік жазуды әдетке айналдырыңыз.
19. Шет тілін үйреніңіз.
20. Компьютерде бағдарлама жасап үйреніңіз.
21. Тұрақсыз және белгісіз заттарға баса назар аударыңыз. Әрдайым өзіңіздің ойыңызды білдіріңіз.
22. Ұзын сөздерді кейін қарай оқыңыз.
23. Қоршаған ортаңызды ауыстырыңыз.
24. Өлең, ой толғау, шығарма жазыңыз.
25. Ым-шара тілін үйреніңіз.
26. Музыкалық аспаптарда ойнап үйреніңіз.
27. Адамдардың есімдерін естен шығармаңыз.
28. Бір уақытта тек бір іспен айналысыңыз.
29. Өміріңізде болған бір оқиғаны толық бүге-шүгесіне дейін суреттеп жазыңыз.
30. Теледидардың алдында көп отырмаңыз.

Массажет.кз

Бірегей білім ордасы

ҚазҰУ - әлемдік білім кеңістігінде өзіндік орны бар оқу ордасы. Бүгінгі таңда университет биік белестерді бағындырып, айтулы жетістіктерге қол жеткізді. Бұл жолда ректор **Ғ. Мұтанов** бастаған университет ұжымының еңбегі ұшан-теңіз. Университетіміздегі осы жетістіктермен, отандық жоғары білім беру жүйесімен кеңінен таныстыру мақсатында жуырда ЖОО-ға дейінгі дайындық факультетінде шетелдік студенттерге арналған «Біздің университет» атты мәдени-танымдық саяхат сабағы өткізілді.

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары: доцент **Г.А. Тастемірова.**, аға оқытушылар – **Р.Т. Наралиева, Г.Т. Тілеужанова, Б.И. Досанов,** оқытушы **Г.Е. Сапаевалардың** ұйымдастыруымен өткен сабақ барысында 1-5 топтың шетелдік АИР тыңдаушылары ҚазҰУ қалашығына саяхат жасады. Олар ҚазҰУ мұражайын, Әл-Фараби

кітапханасын, «Керемет» орталығын, спорт кешенін, тағы басқа нысандарды аралап, университеттің тарихымен және білім беру жүйесімен, университеттің инфрақұрылымымен етене танысты. Мәдени-танымдық саяхат сабағы тәрбиелік те дамытушылық та маңызы зор шара болды: Қазақстанның интеллектуальдық әлеуетінің зор екендігін көрсете отырып, шетелдік

тыңдаушылардың Қазақстан еліне, отандық білім беру саласына деген жағымды әлеуметтік-азаматтық көзқарастарын қалыптастыруға игі ықпал тигізді деп ойлаймын.

Сондай-ақ университеттің ботаникалық бағын, мұражайларын тамашалаған шетелдік азаматтар білім ордасымен қатар өздері білім алып жатқан елдің – кең байтақ Қазақстанның алуан түрлі табиғатының сұлулығына қайран қалып, өздері оқитын ҚазҰУ-дың Қазақстан мен Орта Азиядағы заманауи бағытта білім беріп жатқан бірегей оқу ордасы екендігіне көз жеткізді.

Р.Т. НАРАЛИЕВА,
ЖОО-ға дейінгі дайындық
кафедрасының аға оқытушысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Рүстем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №946

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.